

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

Сырымбетов Нұрғиса Әбілақасұлы

Байланыс желілеріндегі құрылғылардың өзара әрекеттесу әдістері

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

6B06201– Телекоммуникациялар

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Электроника, телекоммуникация  
және ғарыштық технологиялар  
кафедрасының меңгерушісі,  
техн.ғыл.кандидаты

Е.Таштай

2023 ж.



**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

Тақырыбы: «Байланыс желілеріндегі құрылғылардың өзара әрекеттесу әдістері»

6B06201 – Телекоммуникациялар мамандығы

Орындаған:

*Н. Сырымбетов*

Н.Сырымбетов

Рецензент

Ғ.Дәукеев ат.АЭЖБУ доценті,

PhD докторы

*Ә.Ержан* Ә.Ержан

« 30 » 05 2023 ж.

Ғылыми жетекші

техн.ғыл.канд., ассоц.

проф.

*А.М.Дараев* А.М.Дараев

« 30 » 05 2023 ж.

Қолтаңбаны растаймын

Подпись заверяю

*Н.Сырымбетов* *Чошбаева* *К.А.*  
аты-жөні  
« 30 » 05 2023 ж.

Алматы 2023



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

6B06201– Телекоммуникациялар мамандығы



Дипломдық жұмыс орындауға  
ТАПСЫРМА

Білім алушы *Сырымбетов Нұрғиса Әбілақасұлы.*

Тақырыбы *«Байланыс желілеріндегі құрылғылардың өзара әрекеттесу әдістері».*

Университет ректорының *«23» қараша 2022 ж. № 408П/Ө* бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі *«25» мамыр 2023 ж.*

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері:

- а) Стандарт IEEE 802.11 жиілік диапазоны 2,4 ГГц және 5 ГГц.
- б) Softwaredefined Networking (SDN) технологиясы;
- в) Келесі ұрпақ желісінің құрылымы;
- г) Базалық станцияның биіктігі 60 м.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- 1) SoftSwitch базасында желіні жүзеге асыру;
- 2) ВСС протоколдарының алғашқы мүмкіндіктер жиынтығына сәйкес қызмет көрсету түйінінің құрылымы;
- 3) Функционалды моделге сәйкес желі;
- 4) Транспорттық желінің коммутаторларының өнімділігін, жылдамдығын есептеу.

*Сызба материалдары 15 слайдта көрсетілген.*

Ұсынылатын негізгі әдебиет 7 атау:



ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ (ЖОБАНЫ) ДАЙЫНДАУ  
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Негізгі бөлім	1.02.2023 - 21.02.2023	<i>орнырау</i>
SoftSwitch қондырғысының өзара әрекеттесуінің функционалдық моделінде дайындалған протоколдарының сипаттамасы	21.02.2023 - 01.03.2023	<i>орнырау</i>
NGN технологиясын қолданумен транспорттық желіні есептеу	01.03.2023 - 14.05.2023	<i>орнырау</i>

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа(жобаға) қойған  
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (аты, әкесінің аты, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Диплом жұмысының тақырыбын талдау	Техн.ғыл.канд., ЭТЖҒТ каф.ассоц.профессоры Дараев А.М.	<i>25.05.23</i>	<i>Дараев</i>
Теориялық ақпарат	Техн.ғыл.канд., ЭТЖҒТ каф.ассоц.профессоры Дараев А.М.	<i>25.05.23</i>	<i>Дараев</i>
Норма бақылау	ЭТЖҒТ каф.аға оқытушысы Досбаев Ж.М.	<i>25.05.23</i>	<i>Досбаев</i>

Ғылыми жетекшісі *Дараев* А.М.Дараев  
(қолы)

Тапсырманы орындауға алған білім алушы *Н.Сырымбетов* Н.Сырымбетов

Күні *“25” 05* 2023 ж.

## **АНДАТПА**

Берілген дипломдық жобаның тақырыбы – ВІСС протоколының негізіндегі SoftSwitch құрылғыларының өзара әсер етуінің функционалды моделін өңдеу.

Дипломдық жобада дестелік желілердің дамуы, оның ішінде классикалық телефон желілерінен артықшылықтары қарастырылған.

Сонымен қатар таңдалған құрылғылардың техникалық сипаттамалары, желідегі әсерлесуге арналған хаттамалар қарастырылды. Транспорттық желі, құрылғылардың өзара әсерлесу жүктемесі, SoftSwitch сипаттамаларын есептеу жүргізілген.

## **АННОТАЦИЯ**

Тема данной дипломной работы – разработка функциональной модели взаимодействия устройств SoftSwitch на базе протокола ВІСС.

В дипломном проекте рассматривается развитие пакетных сетей, в том числе их преимущества перед классическими телефонными сетями. Разработана функциональная модель взаимодействия устройств. Рассмотрены технические характеристики выбранного оборудования, протоколы для взаимодействия сети. Произведен расчет транспортной сети, нагрузки взаимодействия устройств, расчет характеристик SoftSwitch.

Рассмотрены аспекты безопасности: кондиционирование помещения, условия работы при монтаже и ремонте. Рассчитаны капитальные затраты на внедрение данной функциональной модели.

## **ABSTRACT**

The theme of this diploma project – the development of a functional model of interaction of SoftSwitch devices based on protocol ВІСС.

In the diploma project examines the evolution of packet networks, including their advantages over classical telephone networks. A functional model of devices' interaction was developed. Examine the technical characteristics of the selected equipment, protocols for network connectivity. There was made calculation of the transport network, the load of device interaction, the performance of SoftSwitch was calculated.

Aspects of Security were considered: air conditioning of facilities, working conditions for installation and repair. Capital costs for implementation of this functional model were calculated.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	10
1 Негізгі бөлім	11
1.1 Келесі ұрпақ желісіне өту себептері	11
1.2 Байланыстарды басқару құрылғылары	12
1.3 Voice over IP	17
1.4 Таңдалған BICC протоколының қысқаша сипаттамасы	18
1.5 Тапсырманың қойылымы	21
1.6 SoftSwitch қондырғысының өзара әрекеттесуінің функционалдык моделінде дайындалған протоколдарының сипаттамасы	22
2.1 Функционалды модель үшін протоколдар	22
2.2 BICC протоколы негізінде SoftSwitch қондырғысымен өзара әрекеттесетін функционалды модель	28
2.3 Жабдықтарды таңдау	30
3 NGN технологиясын қолданумен транспорттық желіні есептеу	36
3.1 Бастапқы деректер	36
3.2 Мультисервисті дестелік желінің абоненттік концентраторлар мен транспорттық шлюздерінің сипаттамаларын есептеу	39
3.3 Softswitch сипаттамаларын есептеу	48
3.4 Транспорттық желіде ақпараттар ағынын таратудың маршруттарын анықтау	50
3.5 Транспорттық желі коммутаторларының әсерлесуіне қажетті интерфейс таңдау	53
Қорытынды	54
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	55

## КІРІСПЕ

Дестелік технологиялардың кеңінен таралуымен және классикалық телефон операторлардың жоғалуы туралы апокалиптикалық болжамдарымен байланысты телекоммуникациялық нарықтың көптеген сарапшылары дестелік технологияларға негізделген желілермен қатар классикалық телефон арналарын қамтамасыз ететін арналар коммутациясы бар желілер болады деген ойға келді. Мұндай қорытынды желілердің әр түрінен түсетін табысты салыстыруға мүмкіндік береді. Мәліметтер таратудың трафигының көлемі өскенімен берілген қызмет түрі беретін табыс әлі телефон қызметімен теңесе алмайды. Бұл жағдайға тіке қарауға тарифтердің біртіндеп түзелуі себепкер болды. Дестелік желілер тарапынан жаңа белсенді бәсекелестер пайда болғандықтан классикалық телефон операторларына халықаралық телефон байланысының трафигын айтарлықтай кемітуге тура келді, өз кезегінде дауыстық хабарламаларды дестелік желілер арқылы жіберумен айналысатын үлкен компаниялар бизнес класстың тұтынушыларын тарту үшін көрсетілетін қызмет түрлерінің сапасын жақсарту керек болды, ол қызметтердің өзіндік құны және тарифтерінің өсуіне әкеліп соқты.

Операторларға әлі ұзақ уақыт бойы әр түрлі технологияларға негізделген желілердің параллельді қолданылуы жағдайында жұмыс істеу жайлы түсінігі дамудың революциялық моделінің эволюциялық түріне ауысуына әкелді. Мұндай тарапта барлығының қызығушылығы бұл технологиялардың физикалық деңгей ғана емес қалыптастыру және қызмет көрсету деңгейлерінде өзара әрекеттесуін қамтамасыз ете алатын протоколдар мен құрылғыларға ауысады. Заманауи операторлар қызметтің тасымалдануы тұтынушыға қалай және қандай құрылғы арқылы жүзеге асатынына тәуелді болмайтын сұрастырылған қызмет көрсету сапасын кепілдендіретін тұтынушының шақыруларын бір ережелермен өңдейтін және қызметтерді қалыптастыру және көрсету кезінде үздіксіз бақылауды қамтамасыз ететін байланыс желілерін құру керектігін айтады.


Дестелік және классикалық желілердің көрінетін айырмашылықтарына қарамастан олар бір даму жолымен келе жатыр, яғни қызмет көрсету деңгейін (тасымалдау және коммутация) мен қызметтердің қалыптасу деңгейінен (берілген ережелер бойынша шақыруды өңдеу) бөлу. Осылайша, жалпы қолданыстағы телефон желілеріне ОКС №7 сигнализация желісінің кіріктірілуі дауыстық трафик пен дабылдық ақпараттың жүру жолдарын бөлуге мүмкіндік берді. Егер дестелік желілерге жүгінетін болсақ, ондай бөлу (шлюздың декомпозиция принципі) мұнда да қолданылады: шлюздер, шлюздерді басқару құрылғылары және сигнализация шлюздары (соңғы екеуі бірігуі мүмкін).

Конвергентті желілерге ауысу әр түрлі желілердің өзара әсерлесуіне қатты мән беретіндіктен, бұл әсерлесуді қамтамасыз ететін құрылғылар мен протоколдарға ерекше мән берген жөн.

## 1 Негізгі бөлім

### 1.1 Келесі ұрпақ желісіне өту себептері

Бүгінгі күні желі конвергенциясы және байланыс қызметінің қажеттілігі туралы ешкім де ойланбайды, өйткені телекоммуникация әлемінде соңғы жылдары оператор ең көп табысты деректерді тасымалдау трафигінің айтарлықтай басымдылығында, сөйлеу трафигін трансляциялаудан алады. Әдетте, операторларға деректерді тасымалдау желісін қолдау мен қызмет көрсету, сөйлеу трафигін тасымалдауға бағытталған арналарды уақытпен бөлумен (Time Division Multiplexing - TDM) салыстырғанда анағұрлым арзанға түседі. Болжамдарға сәйкес, мұнан былай дестелік технология көмегімен сөйлеу қызметін тасымалдауда тасымалданатын сөйлеу трафигінің көлемі (Voice over IP, Voice over ATM Voice over Frame relay және т.б.) өскенде, мультиплекстеу әдісі арқылы арналардың уақыт бойынша бөлінуімен (TDM) тасымалданатын жүктеме мөлшерінің азаюы байқалуы мүмкін. Бұған негізінен байланыстың мобильді желісінде келесі ұрпақтың жылжымалы объектілермен (3G) сөйлеуді пакетті түрде тасымалдауы ықпал етеді. 1.1 – суретте осындай бір болжам бейнеленген. Диаграмма бойынша, сөйлеу трафигі тек 5%-ға өскенде, деректер трафигі жылына 100% - ға дейін өседі. Деректерді тасымалдау желісіне қарағанда, классикалық телефон желілерінің дамуына шығын көбірек жұмсалу фактісі маңызды болып табылады.



1.1-сурет – Трафик түрлерінің өсу үрдісі

Жоғарыда аталған фактілер операторлардың өздеріндегі әрекеттегі желілерді қайта құру туралы шешім қабылдай бастауына әкелуі мүмкін. Қазіргі



TDM желілерінде деректерді тасымалдау үшін қолданылуынан ерекшелігі, операторлар деректерді тасымалдау желілерін телефон шақыруы қызметі үшін де қолдана бастайды. Шын мәнінде, мәселе екі түрлі шектің жақындасуы – деректерді тасымалдау көлемінің өсуі мен дәстүрлі қызмет көрсетуден пайда табуды қамтамасыз етуді қолдау туралы. Аталған тезиске сай, конвергенция өз алдына әр түрлі қызмет көрсетуді бірыңғай желіге біріктіру міндетін қояды. Next Generation Network – NGN деп аталатын болашақ конвергенттік желілерде, шын мәнінде, тек бір ғана қызмет түрі қолжетімді болады. Ол – байланыс. Оператордың басқару жабдықтары осындай желілерде қандай абоненттік құрылғымен қатынасқа түсетінін анықтайды, (терминал IP – телефония, ұялы телефон, Ғаламтор желісінің жұмыс станциясы) оған сәйкес нақты қызмет көрсету түрі мен ол үшін талап етілетін ресурстарды ұсынады. Пайдаланушы NGN желісін әлдебір «қара жәшік» ретінде қарастыратын болады, оған қай хаттама қолданылады, қандай тасымалдау ортасы ұсынылады бәрібір. Ол үшін тек оның соңғы құрылғыларының мүмкіндіктеріне сәйкес болатын, қызмет көрсету фактісі маңызды.

Бұл міндетті шешуде стандарттық хаттамалар қолданылады. Мысалы, H.248/MEGACO хаттамасы көмегімен SoftSwitch байланысын басқару құрылғылары шлюздермен қарым-қатынас жасайды және ұсынылған қызметті басқара алады. Әр түрлі SoftSwitch арасындағы коммутация бірнеше сервер қызметін қолдану көмегімен жүзеге асқан, ашық стандартты бағдарламалық интерфейстер қосымшасын (API) қолдануға негізделетін, SIP, Q.1901/BICC хаттамаларын қолдану арқылы жүзеге асады. Сонымен, сөйлеуді тасымалдау технологиясы дамуындағы келесі адым пакеттік технологияға ауысу болды. Сөйлеу пакеттер түрінде тасымалданады, шынайы уақыттағы қызмет көрсетілімі үшін барлық талап етілетін сапа параметрін сақтап, жүктеменің әр түрлі типінің оңтайлы және еркін араласуын қамтамасыз етеді. Шынайы уақытта ұсынылатын қызметтер, (қарапайым тілмен айтқанда – шынайы уақытта қызмет көрсету, оның ішінде телефония) сапа параметріне ерекше сезімтал, оның бірікідіріс және оның вариациясы (jitter) болып табылады. Егер мәселе аса үлкен кідіріс туралы болса – онда жаңғырықты (echo cancellation) жою қажеттілігі туындайды. Дестелік желілер арқылы сөйлеуді тасымалдауда туатын, жоғарыда аталған кемшіліктермен күрес, сөзсіз, жабдықтардың күрделілігі мен оның бағасына әсер етеді.

## **1.2 Байланыстарды басқару құрылғылары**

Жаңа немесе инфокоммуникация нарығында әрекет етуші кез келген оператормен NGN жоспарлауда желі архитектурасы бірдей. Екеуіне де деректерді тасымалдауға оңтайланған, дауыс қызметі үшін жоғары сапаны қамтамасыз ететін (және шынайы уақыт қызметін тұтас алғанда), сонымен қатар жаңа қызмет түрін ендіруге дайын дестелік желілер талап етіледі. Осындай архитектураға сәйкес, қызмет көрсетуді басқару – SoftSwitch құрылғысының

жаңа типінде жүзеге асу мүмкіндігі бар қосымша қызмет серверімен қамтамасыз етіледі. Кіру амалының түрлері 1.2 суретінде бейнеленгендей, медиа – шлюздер арқылы қамтамасыз етіледі [4].




1.2-сурет – Келесі ұрпақ желісінің құрылымы

NGN желісінің тәжірибеде жүзеге асу нұсқасының бірі – шақыру қызметін басқару сервері ретінде жұмыс істейтін, шлюз контроллері міндетін де орындайтын SoftSwitch қолдану. Қосымша қызмет серверлерінің басқа типтері қажеттілік болғанда қосылуы мүмкін. (1.3 сурет) [4].

Сонымен қатар, желінің келесі ұрпақ архитектурасы негізгі желі типтерін – ATM, IP немесе IP/MPLS таңдауға мүмкіндік беруі қажет. Конвергентті желіге өтудің құны туралы мәселені нақтылап алған дұрыс. Қазіргі классикалық телефония нарығындағы операторларға оңайлықпен барлық құрылғыларын алмастыру мүмкін емес. Сондықтан кезең – кезеңмен өту мүмкіндігін қамтамасыз ету қажеттілігі және ескірген дабылдық жүйемен үйлесімділікті қамтамасыз ету, кірудің әр түрлі типтерін қолдау мәселесі туындайды.

Оператордың жабдық бөліктерін сақтау мүмкіндігі болуы керек, өйткені, мысалы, қазіргі IP – телефония нарығында аздаған жаңартудан кейін конвергентті желілерде жұмыс істеуге қабілетті болатын жабдықтары бар. Басқаша алғанда кез келген пайдаланушы олар үшін пайдасыз жаңа қызмет түрлері үшін көбірек төлеуге дайын емес, сондықтан дестелік желіге өту оператор мен оны пайдаланушыларға бірдей пайдалы болуы тиіс.



1.3-сурет – SoftSwitch базасында желіні жүзеге асыру


Салыстырмалы түрде жаңа дестелік телефония нарығына кіруші ойыншының бәрі жабдықтың толық кешенін алу үшін үлкен қаражат жұмсауға дайын емес, оларға жаңа қызмет түрін біртіндеп енгізу тиімді. Сонымен NGN-ға тағы бір талап қойылады – архитектура үлгішеңдігі. Мұндай талаптар жаңа протоколдардың (мысалы, ВСС) және жаңа желілік құрылғылардың пайда болуына әкеледі. Мұндай жабдықтың мысалы - жоғарыда аталып кеткен SoftSwitch. SoftSwitch «Байланысты басқару атқарымын коммутация атқарымынан бөлуге қабілетті» (дестелік желіге өту және басқару деңгейінде қызметтерді біріктіруде айрықша маңызды) немесе «жылдам бағдарлаушы», немесе «изохронды трафик түрлерінің лектерін басқарушы» серверлер ретінде жеке жүйе деп анықтауға болады. Softswitch – бұл байланысты басқару атқарымын коммутация атқарымынан бөлуге арналған, абоненттердің үлкен санына қызмет етуге қабілетті және қосымша қызмет серверлерімен қатынасқа түсе алатын, ашық стандарттарды қолдайтын NGN желісін басқару құрылғысы [9]. SoftSwitch IP – желісінің зияткерлік мүмкіндіктерін тасымалдаушы болып табылады. Ол байланысты бір немесе бірнеше желі арқылы орнатуды қамтамасыз ететін шақыру қызметін басқаруды, дабыл мен атқарымдарды үйлестіреді. Осындай анықтамалардың алуан түрлілігінен SoftSwitch дегеніміздің не екені туралы әлі де бірауызды пікір жоқ екені көрінеді, әр өндірушінің қолдану аясына деген өз көзқарасы, өз тәжірибесі бар. Тек негізгі талаптары мен техникалық ерекшеліктері нақты бөлінген, бірақ жүзеге асырылуында айырмашылық бар.

SoftSwitch жүзеге асырудың екі әдіс – тәсілі бар – бірыңғай және тарату қағидаты. Алғашқы SoftSwitch қоғамға Lucent фирмасымен ұсынылған (SoftSwitch термині коммерциялық Lucent SoftSwitch өнімі атауынан шыққан).

Lucent SoftSwitch сәйкес бағдарламалық коммутатор екі бөлімнен тұрады –аппараттық сервер (device server) және шақыру қызметін басқару сервері – Call Server.

Device server шлюз контроллері міндетін орындайды (MGC) және әр түрлі дабылдық жүйемен жұмыс істеу үшін атқарылымдық мүмкіндігі бар. CallServer шақыру қызметін басқару атқарылымын, бағдарлауды, т.б. іске асырады. SoftSwitch таратылған архитектурасы болуы мүмкін – mSwitch атауын алған UTStarcom компаниясының шешімі серверлер кешенінен тұрады: шақыру, қосымша, қорғау, мекен-жай анықтау, авторизация, аутентификация

мен биллинг, медиа – сервер, сонымен қатар шлюз. Alcatel фирмасы бірыңғай архитектураға бағытталған SoftSwitch ұсынады – мұнда әр түрлі міндеттерді орындау мақсатында жүктелетін бір атқарылымдық блок және бағдарламалық қамтамасыз ету жиынтығы қолданылады. Бағдарламалық коммутаторды желіге кіргізуде архитектура типін таңдау көптеген жағдайларға байланысты ерекше. SoftSwitch – стандартты шешімдер мен тәсілдер қолдану үшін өте күрделі жүйе. NGN архитектурасына сай, 1.4 суретте көрсетілгендей, мұндай желілерде бірнеше кезеңдерді бөледі (әр келесі ұрпақ желісі шешімін әзірлеушілер, архитектурадағы кезең саны әр түрлі екендігін атап кетеді, әдетте 4 – 6 кезеңді бөледі). Бұл архитектурада элемент басқарушысы ретінде SoftSwitch қолданылады.



1.4-сурет – Мультисервистік желідегі SoftSwitch рөлі

SoftSwitch дабылды ақпаратты өңдеуде желілер арасында арна коммутациясы мен дестелік желі арасында делдал болады, MG (MediaGateway) шлюзі шақыру қызметін өңдейді және басқарады, лектерді басқаруды, мультисервистік желілерде дауысты және деректерді тасымалдауды іске асырады. SoftSwitch дегеніміз «бағдарламалық коммутатор» дегенді білдіруіне қарамастан, шын мәнінде, бұл құрылғы ешқандай коммутаторлық міндеттер орындамайды. Шақыру қызметтерін басқару типтік жағдайларда шақыру бағдарлауын, пайдаланушы аутентификациясын, байланыс пен дабылды орналастыру мен бөлуді қосады. SoftSwitch делдал ретінде шақыру қызметтерін басқарудың PSTN желілері тұрғысынан стандартты хаттамаларды «түсінуі»



(мысалы, SS7), кірудің әр түрлі стандарттық типтерімен жұмыс істей «білуі», ал пакеттік желілер тұрғысынан ол MGCP/MEGACO, H.323, BICC и SIP хаттамаларын іске асыруы керек. Әрбір дабылды жүйеде олардың өзара қатынасын айтарлықтай күрделендіретін, өзіндік бірегей сипаттамалар жиынтығы бар. SoftSwitch олардың арасындағы өзара қатынасты тура немесе шлюз SG (Signaling Gateway) көмегімен қамтамасыз ете отырып, әр түрлі дабыл жүйесі бар желі арасында интерфейс ретінде қызмет етеді.

Тек SoftSwitch қазіргі және конвергентті желілер арасында «көпір» ретінде қызмет етуге, неғұрлым көбірек таралуға қабілетті. Бағдарламалық коммутатор анықтамасына сай, физикалық коммутация қызметі мен шақыруды басқару қисыны бөлініп әр түрлі құрылғылармен орындалады; медиа – шлюздермен (Media Gateway) – сәйкесінше шлюз контроллерімен (Media Gateway Controller). Физикалық коммутация міндеті медиа –шлюздерде шоғырланғанда, контроллер міндетіне шлюздерді басқару, сонымен қатар шақыру қызметін өңдеу үрдісі кіреді. Мұндай бөлісу жалпы интеллектіні сөйлеу және транспорттың түрлі үлгісіндегі әр түрлі желі типтері үшін (дәстүрлі, дестелік, гибридті) қолдануға мүмкіндік береді. Ашық протоколдардың болуы стандартты компьютерлі платформаларды, операциялық жүйе мен әзірлеу ортасын қолдануға мүмкіндік береді, ол өз кезегінде бұл қызмет түрінің бағасына оң әсерін тигізеді. Стандартты хаттамаларды қолдану әр түрлі операторлардың жабдықтарын қолдануға мүмкіндік береді. Ағымдағы уақытта SoftSwitch құрылғыларын қолданудың келесі нұсқасы анықталған:

- Телефонды трафик транзиті.
- Виртуалды модемді пул және телефон желілерінің жүктемесін жеңілдетуді ұйымдастыру
- IP – телефония.
- Зияткерлік желілер қызметі [29].

SoftSwitch жабдықтарына арналған кейбір негізгі талаптар айқындалды.

#### 1. Дабыл хаттамаларын қолдау:

Дабыл хаттамаларының нақты жинағы, SoftSwitch-ті қолдану сценарийіне байланысты. Жоғарыда айтып кеткендей, телефон желісі тұрғысынан қарағанда бағдарламалық коммутатор транзиттік коммутатор және ОКС №7 дабыл нүктесі болып табылады, сәйкесінше ОКС №7, DS-1, ВКС және басқа да дабыл түрлерін қолдауы керек. Дестелік желі тұрғысынан қарағанда бағдарламалық коммутатор медиа – шлюздерді басқару құрылғысы және дабыл контроллері болып табылады, сондықтан (мүмкіндігінше) барлық IP – телефония (H.323, MGCP, H.248, SIP, BICC) хаттамаларын қолдауы қажет және бір хаттамадан екіншісіне конвертацияны іске асыруы керек. Өйткені Қазақстанда әлі де көптеген станциялар R1.5 деп аталатын протоколдармен жұмыс істеуде, ал географиялық ерекшеліктер V.5 протоколы бойынша абоненттік кіру мүмкіндігін қосуды тиімді жасайды, яғни SoftSwitch-те бұл хаттамаларды қолдау күтілуде. Мұның бәрі қатаң талап болмаса да, осы мақсаттарға қосымша конвертер қолданылуы мүмкін.

#### 2. Аппаратты – бағдарламалық платформаның ашық сипаты:

Транспорттық желі мен шлюздерді қысқарту үшін, сонымен қатар NGN бағдарламалық коммутатор архитектурасының көп кезеңді концепциясына сәйкестігі үшін, интеллектіні басқару кезеңіне шоғырландыру талап етіледі, сонымен қатар шақыру қызметін басқару міндеттерін қызмет көрсету қисынынан бөлу талап етіледі. Ерекше назар аударатын талап жаңа қызмет түрлерін енгізуді жеңілдететін, ашық бағдарламалық интерфейстерді қолдау болып табылады.

3. Қауіпсіздік пен сенімділік стандартын қолдау:

Протоколдар жолағы осал болғандықтан, қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аудару қажет. Қазіргі уақытта қажетті қауіпсіздік құралдарын жасау қолға алынуда.

4. Міндеттер жиынтығы:

Жоғарыда аталған мақсаттардың тек бірі үшін оператордың SoftSwitch құрылғысын алуы экономикалық жағынан тиімді емес. Дұрысында, мұндай жабдықтарды телефон байланысын ұйымдастыру үшін де, сонымен қатар интеллектуалды қызмет көрсету үшін де қолданған тиімді.

### **1.3 Voice over IP**

Жоғарыдағы екі пунктке сәйкес, болашақ NGN бірыңғай желісі аясында байланыс қызметінің қазірде түрлі желіде көрінетін – мобильді байланыс, телефония, интеллектуалды желі қызметі сияқты түрлері бірігеді. Сөйлеу қызметі, жоғарыда айтылып кеткендей, дестелі түрде таратылады. Қазіргі уақытта осындай бірнеше сөйлеу қызметін тасымалдау технологиясы жұмыс істеуде, мұнда әр түрлі транспорт қолданылуы мүмкін – Voice over IP, Voice over ATM, Voice over Frame Relay. Әрбір жоғарыда аталып кеткен әдістердің өз артықшылығымен қоса өз кемшіліктері де бар. ATM транспорттық технологиясының желіні эксплуатациялық басқарудағы бөлігі мықты дамыған, өте сенімді, сонымен қатар құны да ең жоғары. Frame Relay технологиясының артықшылығы – бағасы, корпоративтік желілер құру үшін мультисервистік кіру мен алыс байланыс арналарын ұйымдастыруда ең ыңғайлы, алайда даму мүмкіндігі шектеулі. Ең қолжетімді және кең таралған әдіс – сөйлеу қызметін IP протоколы арқылы тарату, өйткені бұл ең икемді нұсқа. «Түбінде ол (Voice over IP технологиясы) дестелік телефонияның ең кең тараған технологиясы болады, өйткені рыноктың барлық сегментін қамтуға қабілетті бола тұра, жаңа қолданыс жағдайларына да оңай бейімделеді» [5]. Алайда қалыптасып қалған оның сенімсіздігі мен басқарудағы күрделілігі туралы пікір, бұл транспорттың қолданылуын тежеуде. Сондықтан IP – телефония түсінігінде IP протоколы, тек Ғаламтор ортасын қолдану ғана емес, сонымен қатар кез келген желіде, шынайы уақыт трафигін таратуда дестелер коммутациясындағы сөйлеу қызметін тасымалдауда туындайтын барлық мәселерді шешуге қажетті қосымша технологиялар деп түсінеміз. Бұл кемшіліктерді жоятын бірқатар механизмдер бар, мысалы, MPLS – Multiprotocol Label Switching – белгі бойынша

көпхаттамалы коммутация; RSVP протоколы – Resource Reservation Protocol – ресурстарды сақтық қорда сақтау протоколы, т.с.с. Көбіне бұл протоколдар мен механизмдердің пайда болуымен, сонымен қатар аппараттарды жұмысқа қосу құнының төмендігінен, IP транспорты туралы болашағы ең зор транспорт дегенді жиі айтады. АТМ желісі қазіргі уақытта, кезкелген трафик түрін таратуға мүмкіндік беретін, жеке және иерархиялық кезең деп қаралады. IP протоколдары көмегімен сөйлеу қызметін тасымалдау үшін RTP/UDP (Real Time Transport Protocol/User Datagram Protocol) кепілденген жеткізу протоколдары қолданылады, өйткені TCP кепілденген жеткізу хаттамасында қолданылатын пакеттерді қайталап табыстау және қайталап сұрау жолымен сенімділікті арттыру механизмі, кепілденген жеткізу хаттамасында қолданылатын шынайы уақыт трафигін тасымалдауда кері әсер етеді, аппараттың жеке бірліктерінің кешігуінен гөрі жоғалуын аз сынайды. Жоғарыда айтылғанды түйіндей отырып IP – де сөйлеу қызметін тасымалдау үшін қосымша қызмет сервистерін (RSVP, MPLS) қолдану мүмкіндігімен, RTP/UDP/IP протоколдар жолағы қолданылады деп қорытынды шығаруға болады. Мұндай жолақ сөйлеу қызметін тасымалдау үшін толық жеткілікті, атап айтқанда, мысалы, пайдаланушы байланысты орнату үрдісін өзі іске асыратын: Microsoft Net Meeting қызмет түрін қолдану, бірақ барлық телефония үшін емес. IP – телефония туралы айту мүмкін болу үшін әлі бағдарлау хаттамалары мен шақыру қызметін басқарудың тек протоколдары қажет. Бағдарлау мен басқарудың әр түрлі протоколдарын қолдану, сонымен қатар осы хаттамалардың желі архитектурасына талаптары бойынша VoIP – тің әр түрлі нұсқасын ажыратады.


#### **1.4 Таңдалған ВСС протоколының қысқаша сипаттамасы**

Келесі ұрпақ желілеріне қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз ету үшін, 1999 жылдың наурыз айында ITU-T жаңа протоколдық ұсыныстарды жасауды қолға алды. Әр түрлі доменді аймақта телефонды серверлердің (мұндағы SoftSwitch) өзара қатынасын қамтамасыз ететін протоколдар жасау, сонымен қатар дабылды хабарламалардың тасымалдау технологиясына тәуелді болмауы талап етілді. ISUP дабылды хабарламаларын қолдау міндетті талап болды, өйткені протокол операторлардың мультисервисге ауысуын жеңілдетуі керек еді. Мұндай қадам әрекеттегі ISDN желісі бар, ВСС протоколының қолданылуымен құрылған, жаңа мультисервистік желінің өзара қатынасын қамтамасыз етті. Шын мәнінде, бұл ОКС №7 протоколы дабыл жүйесінің жаңа пайдаланушылық бөлігі деп қарастырылуы мүмкін. Бұл факт мультисервистік желіге ауысуда дабылды жабдықтардың көп бөлігі сақталатындықтан, айтарлықтай қаражат үнемдеуге мүмкіндік береді. Протоколдың сонымен қатар желіде жаңа қызмет түрін енгізуде кедергілер тудырмайтын сәйкестік механизмі болу керек. Мысалы, протокол халықаралық интерфейсте хабарлама тарату сияқты қызмет түрін қамтамасыз етеді. Халықаралық интерфейс үшін хабарламаның минималды жиынтығы Д қосымшасында көрсетілген. Сонымен,

бұл қызмет түрін іске асыру үшін ашық бағдарламалық интерфейстер қолдануда болуы керек еді. ВСС протоколдарын стандарттау екі Capability Set деп аталатын мүмкіндіктер жиынтығының пайда болуына әкелген екі кезеңде өтті. Бұл ВСС әзірлеу кезінде шынайы уақыт трафигін тасымалдау үшін талап етілетін ІР протоколының қызмет сапасы әзірлеушілерді қанағаттандырмауына байланысты болды, сондықтан алғашында АТМ желісі арқылы ІSDN түйіндерінің өзара қатынасына бағытталған CS 1 жиынтығы, сонан кейін ІР желісіне, сондай-ақ Ғаламторға бағытталған CS 2 пайда болды.

Интегралды қызметтің сандық желісінің қызметін қолдау үшін ВСС протоколдарының ұсынысы негізгі арна технологиясы және хабарламаны тасымалдауда қолданылатын технологияға тәуелсіз, ІSDN (ІSUP) тар жолақты пайдаланушы бөлігінің бейімделуін сипаттайды. Сәйкесінше, бұл ұсыныстар ІSUP ұсыныстарына қосымша немесе ерекшеліктер жиынтығы ретінде жазылған. Бір атап кететін нәрсе, ВСС протоколдарының алғашқы ұсынысы дестелік желі арқылы ІSDN екі желісінің өзара қатынас үрдісін сипаттауға бағытталған.

ВСС протоколы – бұл Serving nodes деп аталатындар (қызмет көрсету түйіндері, мұнда SoftSwitch қолданылады) арасында қолданылады. Оның атауы



1.5-сурет – ВСС протоколдарының алғашқы мүмкіндіктер жиынтығына сәйкес қызмет көрсету түйінінің құрылымы


«Тасымалдаушыға тәуелсіз шақыру қызметін басқару протоколы» деп аударылады [3]. Serving nodes арасындағы негізгі арналарды басқару ВСС-ке



тәуелсіз басқа протоколдарға сәйкес қамтамасыз етіледі. Алғашқы мүмкіндіктер жиынтығына сәйкес Serving nodes үш типі анықталған (SN):

- Interface Serving Node (ISN) – бұл түйін типі коммутациялық арналы желіге интерфейсті қамтамасыз етеді.
- Transit Serving Node (TSN) – бұл түйін типі BICC протоколдарын қолдана отырып, бір желі аясында шақыру мен негізгі арналар үшін транзиттік атқарымдылық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.
- Gateway Serving Node (GSN) – бұл түйін типі BICC протоколдарын қолдана отырып, шақыру мен негізгі арна үшін шлюздің атқарымдылық мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Негізінен, протоколды әзірлеуде Transit Serving Node және Gateway Serving Node (GSN) әрекеттеріне ерекше назар аударылған. Жоғарыда аталған түйіндер құрылымы 1.5 суретте көрсетілген. Осы суретте BICC протоколдарының әрекет ету аймағын да көруге болады.



1.6-сурет – Екінші мүмкіндіктер жиынтығына сәйкес қызмет көрсету түйінінің моделі

BICC (Capability set 2) протоколдары мүмкіндіктерінің кеңейтілген жиынтығын сипаттайтын Q.1902 ұсыныстар тегіне сәйкес, қызмет көрсету түйіндері туралы түсінік салыстырмалы түрде біршама нақтылау болды. Түйіндер тасымалдаушыны басқару міндеті мен ассоциацияланған (BCF) – Serving Nodes және мұндай ассоциациясыз – Call Mediation Nodes болып нақты бөлінеді. SN шақыру қызметін басқару мен (CSF) тасымалдаушыны басқару міндеті нақты шектелген. Негізгі арнаны басқару дабылы жеке дабылды транспортта ашық көрінуі, немесе Bearer Control Tunneling Protocol (бұған дейін CS1 болмаған) «горизонтальды» протоколы бойынша BICC протоколы арқылы CSF түрлі түйіндерінің тең екі бірліктері арасында және «вертикальды» интерфейс CBC

(Call Bearer Control) арқылы бір түйіннің CSF пен BSF арасында туннельденуі мүмкін. SN-дағыдай CMN-да да «half call» – блок CSF деп аталатын моделі қолданылып және кіру, шығу әрекеттері болып бөлінеді. Жоғарыда айтылғандар келесі суретте бейнеленген:

### 1.5 Тапсырманың қойылымы

Берілген жұмыстың мақсаты – қолданылатын транспорттық технологиялардан тәуелсіздікті, сонымен қатар ISDN желілерімен тікелей сәйкестікті қамтамасыз ететін BICC протоколы негізінде SoftSwitch қосылыстарымен басқарылатын қондырғылармен өзара әрекеттесетін әмбебап үлгілерді дайындау.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді орындау қажет:

- Абоненттік қосылу және дестелік телефонияның кеңінен тараған протоколымен өзара әрекеттесетін процестерді ашу;
- Желінің қызмет атқаруын қамтамасыз ететін қондырғыларды таңдау.

Икемді коммутатордың сипаттамасын жасау.


Бесінші буын (5G) ұялы байланыс технологиясының қарқынды дамуымен адамзат қоғамы "барлығының интернеті" жаңа дәуіріне аяқ басты [1]. 5G жоғары жылдамдығының, төмен кідірістің және қосылыстардың үлкен көлемінің сипаттамалары өнеркәсіптің экономикалық және әлеуметтік дамуы мен цифрландырылуына айтарлықтай ықпал етті. Модернизациямен дәстүрлі өнеркәсіптік жүйе де үлкен өзгерістерге ұшырады. Олардың ішінде электр энергетикасындағы зияткерлік желілердің дамуы энергия жүйесінің операциялық тиімділігін жан жақты арттыру және энергетикалық революцияға жәрдемдесу үшін сөзсіз үрдіске айналды.

Ұялы байланыс технологиясының алдыңғы буынымен салыстырғанда, 5G, жоғары сенімділік, төмен кідіріс, кең байланыс және кең таралған желі сияқты көптеген артықшылықтарымен Smart grid технологиясымен терең интеграцияны қамтамасыз етті, бұл ақпаратты беру процесінде кідірістер мен шығындарды айтарлықтай азайтады [3]. Бұл бизнестің нақты уақыт режимінде бақылау және нақты уақыт режимінде электр желісін басқару қажеттіліктерін қанағаттандырады.

D2D технологиясы-5G негізгі технологияларының бірі. 5G желілік жүйесі жұмыс істейтін көршілес терминалдар базалық станциялар арқылы қайта бағыттаусыз ақпарат пен деректерді тасымалдау үшін тікелей байланыс орната алады. Бұл мүмкіндік D2D технологиясына 5G интеллектуалды желілік жүйелер Қосымшаларының іскери сценарийлерінде көп орын алуға мүмкіндік береді [4]. Төмен вольтты энергияны тұтыну туралы ақпаратты жинау сценарийінде ұяшықпен жабылған абсолютті соқыр аймақта немесе ұяшықтың шетінде орналасқан пайдаланушы жабдықтары базалық станцияға қосыла алмайды. Осы уақыт ішінде энергияны тұтыну туралы ақпарат жинауға көмектесу үшін жоғары жылдамдықты пайдаланушы жабдықтарын D2D релелік түйіні ретінде таңдауға

болады. Электрмен жабдықтауды тексеру сценарийінде ұшқышсыз ұшу аппараттары желілер арасындағы электр желілерін тексеру үшін пайдаланылады, ұшқышсыз ұшу аппараттарында борттық 5G терминалдары конфигурацияланған. D2D технологиясының артықшылықтарымен бірге үлкен 5G өткізу қабілеттілігін және төмен кідіріс сипаттамаларын пайдалану базалық станциялар арасындағы ұшқышсыз ұшу аппараттарының деректерін берудің үздіксіздігіне кепілдік береді және тексеру тиімділігі мен көлемін айтарлықтай жақсартады [5].

Осылайша, ақылды желілерге арналған 5G гетерогенді ұялы желіде пайдаланушы ресурстарын ақылға қонымды бөлу, D2D релелік жабдықты тиісті таңдау және жүйенің жалпы энергия тиімділігін оңтайландыру пайдалану мен техникалық қызмет көрсету деңгейін, сондай-ақ интеллектуалды қуат жүйесін техникалық қолдау жүйесін айтарлықтай жақсарта алады.



1.7-сурет – D2D қашықтығының қуат тұтынуға әсері

## **2 SoftSwitch қондырғысының өзара әрекеттесуінің функционалдык моделінде дайындалған протоколдарының сипаттамасы**

### **2.1 Функционалды модель үшін протоколдар**

Функционалды моделді құрастыруға көшпес бұрын, тасымалдаушы каналдарға тәуелсіз басқару протоколдарымен қатар, SoftSwitch қондырғысының өзара әрекеті үшін қолдануға болатын протоколдарды нақтылау. Айтып кеткендей, коммутациялық каналдар мен желілер шекарасында орналасқан SoftSwitch, дабылдың әр түрлі түрлерімен жұмыс істей алуы, сонымен қатар абоненттік қосылудың әр түрлі протоколдарын қолдауы қажет. Сәйкесінше атқарымдық үлгінің жалпылама жағдайы, бір жағынан абоненттік қосылу протоколдардың біреуімен және екіншіден дабылдың қандай да бір желілік жүйесімен өзара әрекеттесетін SoftSwitch сипаттайтын нұсқа болып табылады. Осы жұмыста сипатталатын BICC протоколы, бірнеше рет айтып кеткендей, ISDN пайдаланушы бөлігіне бейімделу және осындай тектегі желілермен кедергісіз өзара әрекет талаптарын орындауды қамтамасыз ететіндіктен, жалпы пайдаланудағы телефондық желі тарапынан ISDN – DSS1 абоненттік қолжетімді протоколды қарастыру қажеттілігі туындайды. Дабылдық жүйелердің ескі нұсқалары (жоғарыда аталған R2/1.5) мен SoftSwitch-тегі абоненттік қосылудың басқа түрлерінің міндетті қолдауына қарамастан, олардың қолдауы бөліп алынған дабылдық шлюздер мен түрлендіргіштер, немесе қосылу желісі (AccessNetwork), мысалы,

V.5. ашық интерфейсін қолдануға бағдарланған протоколдар арқылы іске асырылады. Екіншіден, BICC – тің дестесі телефонияның басқа желілік түрлерімен өзара әрекеттесуін көрсететін, тағы бір протоколды анықтап алу қажет. Біздің мемлекетте ұзақ уақыттар бойы H.323 протоколдар ұяшығын қолдануға бағдарланған IP – телефония желісі кең тараған болатын. Мұндай желілер, телефондық желілермен өзара әрекеттесуге бағдарланғандығының арқасында, берілгендерді тарату желілеріне салынған ISDN желісі ретінде қарастыруға болады. Бірақ, NGN бағдарламалық құралдар мен аппаратты дайындаушылармен жүргізген сауалнамалар, негізінен олардың күші өз өнімдерінде SIP протоколды қолдауға бағытталғанын көрсетеді. Бұл фактілер ЦСИО - мен өзара әрекетті қысқартатын протоколдардың жаңа түрлерінің (SIP – Т, SIP – I) пайда болуымен, сонымен қатар, SIP – тың кейбір ерекшеліктерімен: таратудағы қарапайымдығы, HTTP – бағыттылығы, тарату ортасына тәуелсіздігі және ұтқырлықты қолдауымен байланысқан.

Осылайша, функционалдык моделге екі протоколды қосумен тоқтайық: DSS1 – абоненттік қосылу протоколды ретінде, және SIP – BICC - тің басқадестелі телефония протоколдарымен қалай өзара әрекеттесетінін көрсетуші ретінде.

DSS1 абоненттік қосылу протоколы

№1 (DSS-1 – Digital Subscriber Signaling 1) сандық абоненттік болып дайындалған ITU-T протоколы ISDN пайдаланушы мен желі арасында



«қабылдаушы – желі» интерфейсі арқылы (осы интерфейснің D - каналы) дабылдық хабарламаларды таратуға бағытталған. Электрлік байланыстың халықаралық одағы(ITU-T) D каналын екі нұсқада анықтайды:

а) екі В – каналымен қосылуды басқару үшін қолданылатын 16 Кбит/с каналы;

б) бірнеше (30-ға дейін) В – каналдарымен қосылыстарды басқару үшін қолданылатын 64 Кбит/с каналы.

DSS-1 протоколының құрылымы ашық жүйелердің өзара әрекеттесуінің жеті деңгейлік үлгісіне (OSI үлгілері) негізделіп жасалған және оның алғашқы үш деңгейіне сәйкес келеді.

Осы үлгінің мәнмәтінінде пайдаланушы мен желі жүйелермен аталынады, ал протокол спецификациялармен анықталады:

- логикалық реттілік пен хабарламалар ағынын анықтайтын әр түрлі жүйелердегі бір ғана деңгейлердің арасындағы өзара әрекеттесу процедуралары;

- бір жүйедегі деңгейлер арасындағы логикалық қосылыстарды ұйымдастыру және басқа жүйеде сол деңгейге сәйкес келетін процедуралар үшін қолданылатын хабарламалар форматы.

Форматтар хабарламалардың жалпы құрылымын және хабарлама құрамындағы өрістерді кодтауды анықтайды;

- бір жүйенің аралас деңгейлері арасындағы ақпарат алмасуды сипаттайтын үстірттер (примитивы). Үстірттердің спецификациясының арқасында аралас деңгейлер арасындағы интерфейс, деңгейлердің біреуінің орындайтын қызметінің өзгеруіне қарамастан, тұрақтылықты ұстап тұрады.

DSS-1 протоколының 1 деңгейі (физикалық деңгей) В және D каналдарын қалыптастыру атқарымдарынан тұрады, қосылыстың электрлік, атқарымдық, механикалық және процедуралық сипаттамаларын анықтайды және D каналындағы 2 және 3 деңгейлердің тудыратын хабарламаларын таратуға арналған физикалық қосылыстарды көрсетеді. 1 деңгейдің атқарымына жататындар:

- В және D каналдарына қосылу мүмкіндігі бар S – интерфейсіннің құрсауына ТЕ пайдаланушы терминалын қосу;

- жергілікті қуат көзі тоқтап қалған жағдайда телефон байланысын қамтамасыз ету үшін электрлі қуат көзін АТС-тан тарту;

- жұмысты «нүкте – нүкте» тәртібінде және көп нүктелі хабар тарату тәртібінде қамтамасыз ету.

1 деңгей (түйін), LAPD (link access protocol for D-channels) атымен әйгілі, NT желілік аяқталулардағы процесі бар ТЕ терминалдық қондырғыда процестердің өзара әрекеті кезіндегі мәліметтермен екі жақты алмасу үшін D – каналын қолдануды қамтамасыз етеді. 2 деңгейдің протоколы байланыстың әрбір логикалық түйіні үшін мультиплексація және циклдық үйлестіру қарастырылған, себебі 2 деңгей бірден D каналындағы мәліметтердің түйіндерінің бірнеше қосылыстарын басқаруды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, 2 деңгейдің атқарымы қосылулар арқылы хабарламалардың кезектілік жолын сақтау үшін тарату реттілігін басқаруды енгізеді, сонымен қатар осы

хабарламалардағы қателерді табу және түзетуді атқарады.

2 деңгейдің дабыл форматы – бұл кадр. Кадр стандартты жалаушамен басталады және аяқталады, мекен – жай алаңында екі маңызды идентификатор - (SAPI) көрсетілетін қызметіне қосылу нүктесінің идентификаторы және (TEI) терминалының идентификаторы.

3 деңгей (желілік деңгей) келесі протоколдарды қолдануды жорамалдайды:

- 1.451 немесе Q.931 (екі ұсыным ұқсас) ұсынымында анықталған дабыл протоколы. Бұл жағдайда SAPI=0, ал дабыл протоколы базалық қосылыстарды орнатуда және бұзуда, сонымен қатар қосымша қызмет көрсету үшін қолданылады;

- X.25 ұсынымында анықталған пакетті тәртіпте мәліметтерді тарату протоколы. Бұл жағдайда SAPI=16;

- басқа протоколдар болашақта анықталуы мүмкін. Бұл жағдайларда SAPI үшін үнемі берілген протоколға сәйкес мәні орнатылып отырады.

3 деңгейдің атқарымына жататындар:

- дабылдық хабарламаларды бағыттау;
- «пайдаланушы – пайдаланушы» ақпаратын табыстау (мәліметтердің аздаған топтамасы түрінде), каналдардың коммутациясы жолымен орнатылған қосылыстардың бар болған немесе жоқ болған кезіндегі;

- әр түрлі өзгертілген байланыстарға қатысты берілген хабарламалардың бір түйінінде мультиплексиялау;

- хабарламаларды саралау және жинау, оларды мәліметтердің түйін деңгейлері бойынша тасымалдау;

- 3 деңгейдегі хабарламалардың қатесін табу, 2 деңгейдің тапқан қателерін талдау, және осы қателерге әрекетті;

- тасымалданған реттілігі бойынша хабарламаны жеткізу.

DSS-1 жүйенің 3 деңгейі пайдаланушыға қызмет көрсету кезіндегі жағдайлардың логикалық реттілігін анықтайтын хабарламалар мен процедуралардың терминдерінде сипатталуы мүмкін. Келесі кестеде желілік деңгейдегі хабарламалардың мысалдары қарастырылады.

Q.931 дабылдың протоколы (3 деңгей) дабылдық хабарламалардың мағынасы мен мазмұнын және қосылыстардың бар болуы мен бұліну кезіндегі процестерде, құрастыру кезінде өтетін жағдайлардың логикалық реттілігін анықтайды. 3 деңгейдің қызметі базалық қосылыстар мен қосымша қызметтерді басқаруды қамтамасыз етеді, сонымен қатар 2 деңгейге қосымша транспорттық мүмкіншіліктерді.

Осындай қосымша транспорттық мүмкіндіктердің мысалы негізгі D – каналынан бас тартқан жағдайда дабылдық хабарламаларды баламалы D – каналына қайта бағыттайтын опция болып табылады.

Кесте 2 . 1 – DSS-1 протоколының желілік деңгейінің хабарламасы

Байланысты орнату хабарламалары	ALERTING	Шақыру дабылы жіберіледі
	CALL PROCEEDING	Байланыс орнатылады
	CONNECT	Байланыстыру (жауап)
	CONNECT ACKNOWLEDGE	Жауапты растау
	PROGRESS	Маршрут ерекшеліктері
	SETUP	Байланысқа сұраныс
	SETUP ACKNOWLEDGE	Сұраныс қабылданды
	RELEASE	Қорларды босату
	RELEASE COMPLETE	Қорлар босады
	RESTART	Рестарт
	RESTART ACKNOWLEDGE	Рестартты растау
	RESUME	Байланысты қайта құру
	RESUME ACKNOWLEDGE	Растау
	RESUME REJECT	Қайта құруға қарсылық
Байланысты ажырату хабарламалары	SUSPEND	Байланысты үзу
	SUSPEND ACKNOWLEDGE	Байланысты тоқтату
	SUSPEND REJECT	Тоқтатуға қарсылық
	USER INFORMATION	Пайдаланушы ақпараты
	CONGESTION CONTROL	Қайта жүктеуді басқару
	FACILITY	Қосымша қызмет
	INFORMATION	Ақпарат
	STATUS	Статус
	STATUS ENQUIRY	Статусқа сұраныс
	NOTIFY	Ескерту

Байланыс көрсетілімін белсендіру протоколы – SIP

Протокол бірінші бөлімде жартылай қарастырылған болатын, мұнда ол толығымен қарастырылады, бірақ жоғарыда аталған себептерге байланысты тек ең маңызды мәліметтер ғана көрсетіледі.

Көрсетілімдерді белсендіру протоколы – Session Initiation Protocol (SIP) қолданбалы деңгейдегі протокол болып табылады және ұйымдастыру, түрлендіру және байланыс көрсетілімдерін: мультимедиялық конференция, телефондардың қосылысы және мультимедиялық ақпараттарды бөлуді аяқтауға арналған. Пайдаланушылар байланыстың қолданылып жүрген көрсетілімдеріне қатысуларына, басқа пайдаланушыларды шақыруларына болады және олардың жаңа байланыс көрсетілімдеріне қатысуларына болады. Шақырту нақты бір пайдаланушыға, пайдаланушылар тобына немесе барлық пайдаланушыларға жолдануы мүмкін.

Протоколдың негізіне келесі ұстанымдар енгізілген:

Пайдаланушылардың дербес икемділігі. Пайдаланушылар желі шегінде шектеусіз орын ауыстыра алады, сондықтан байланыс қызметі оларға осы желінің кез келген орнында жасалынады. Пайдаланушыға бірегей идентификатор меншіктелінеді, ал желі оған ол қай жерде жүргеніне қарамастан байланыс қызметін көрсетеді. Ол үшін пайдаланушы арнайы – REGISTER – хабарламасының көмегімен өзінің орын ауыстыруларын тұрған жерін анықтайтын серверге хабарлап отырады.

Желіні масштабтау. Ол біріншіден, желінің ұлғаюы кезіндегі оның элементтер санының арту мүмкіндігі арқылы сипатталады. SIP протоколы негізінде тұрғызылған желінің серверлік құрылымы толығымен оның талаптарына жауап береді.

Протоколдың кеңейтілуі. Ол протоколдарды жаңа қызмет көрсетуді енгізу және оның әр түрлі қосымшалармен жұмысқа бейімделуі кезіндегі жаңа функциялармен толықтыру мүмкіндіктерімен сипатталады.

Дайындалған IETF, Интернет протоколдарына жинақталған интеграция. SIP протоколы Internet Engineering Task Force (IETF) комитетімен дайындалған жаһандық архитектураның бөлігі болып табылатын мультимедия. Бұл архитектураға сонымен бірге резервтеу ресурстарының протоколы (Resource Reservation Protocol - RSVP, RFC 2205), нақты уақыттың транспорттық протоколы (Real – Time Transport Protocol – RTP RFC 1889), нақты уақыттағы ақпараттар ағынын тарату протоколы (Real - Time Streaming Protocol – RTSP, RFC 2326), байланыс параметрлерін сипаттау протоколдары (Session Description Protocol – SDP, RFC 2327) жатады. Бірақ SIP функциясының протоколы осы протоколдардың ешқайсысына тәуелді емес.

Басқа дабылдық протоколдармен өзара әрекет. SIP протоколы H.323 протоколымен бірге қолданылуы мүмкін. SIP протоколының ЖҚТЖ – DSS1 және ОКС №7 дабылдық жүйелерімен өзара әрекеттесуі мүмкін. SIP протоколының дабылдық хабарламаларының осындай өзара әрекеттесулерін ықшамдау үшін өзіндік SIP – адресстерді ғана емес, E.164 форматтағы немесе кез келген форматтағы телефон нөмірлерін де ауыстыруға болады. Сонымен қатар, SIP протоколы H.323 және ISUP/IP протоколдарымен тең дәрежеде шлюздерді басқару қондырғыларымен жұмысты синхрондау үшін қолданылуы мүмкін; бұл жағдайда ол MGCP протоколымен өзара әрекеттесуі қажет. SIP протоколының тағы бір маңызды ерекшелігі ол IP – телефония желісін пайдаланушыларды интеллектуалды желілерге қосуды ұйымдастыруға бейімделген, және осы протоколдың аталған желілердің арасындағы байланысты ұйымдастыру кезінде негізгі болып табылатындығы жайлы көзқарастар бар.

SIP протоколының маңызды ерекшеліктерінің бірі оның транспорттық технологиялардан тәуелсіздігі болып табылады. Транспорт ретінде X.25, Frame Relay, AAL5/ATM, IPX және т.б. протоколдар қолданылуы мүмкін. SIP хабарламасының құрылымы таңдап алынған транспорттық технологияға тәуелді емес. Бірақ, оған қарамастан, айрықша ықылас IP дестелерін тасымалдау технологиясына және UDP протоколына беріледі. Бұл кезде шындығында, дабылдық ақпаратты сенімді жеткізу үшін қосымша механизм құру қажет.

Мұндай механизмдерге ақпарат жоғалып кеткен жағдайда оны қайталап жіберу, қабылдағанын қуаттау және т.б. жатады.

SIP протоколында ақпараттар ағынын басқару механизмі таратылмаған және қызмет көрсету сапасына кепілдеме берілмеген. Бұдан басқа, SIP протоколы абоненттік ақпаратты таратуға арналмаған, оның хабарламасында ақпарат шектелген көлемде ғана ауыстырылады. Желі арқылы өте үлкен SIP хабарламаны тарату кезінде оның IP деңгейінде жойылуын естен шығармау қажет, бұл ақпаратты сапалы таратуға кесірін тигізуі мүмкін.

IP – желілердің қолданыстағы қосымшаларымен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру үшін және абоненттердің ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін SIP протоколы электрондық пошта түріндегі адресі қолданады. Жұмыс станцияларының адресі ретінде SIP URL деп аталатын URL (Universal Resource Locators) ресурстарының арнайы әмбебап көрсеткіштері қолданылады.

SIP-адрестері төрт түрге бөлінеді:

- аты @домен;
- аты @хост;
- аты @IP-адрес;
- телефон №@шлюз.

Осылайша, адрес екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім – бұл доменде немесе жұмыс станциясында тіркелген абоненттің аты. Егер адресінің екінші бөлімі қандай да бір шлюзді идентификацияласа, онда бірінші болып абоненттің телефон нөмірі көрсетіледі.

Адресінің екінші бөлімінде доменнің, жұмыс станциясының немесе шлюздің аты көрсетіледі. Қондырғының IP – адресін анықтау үшін домендік – Domain Name Service (DNS) аттар қызметіне жүгіну қажет. Ал егер SIP- адресінің екінші бөлімінде IP – адрес орналасса, онда жұмыс станциясынан тікелей байланыс жасауға болады.

SIP – адресінің бас жағына SIP – адрес екендігін көрсететін «sip:» сөзі қойылады, яғни ол тек соны көрсетіп тұр, себебі басқалары да (мысалы«mailto:») болуы мүмкін.

Хабарламалардың құрылымы

«Клиент – сервер» архитектурасына сәйкес барлық хабарламалар клиенттен серверге беретін сұрағы, және сервердің клиентке беретін жауабы болып екіге бөлінеді. Мысалы, орнатылған қосылыстарды қоздыру үшін, шақыртып отырған абонент серверге бірнеше параметрлерді, негізінен шақыртып отырған абоненттің мекен – жайы, ақпараттық арнардың параметрлері және т.б. хабарлауы қажет. Бұл параметрлер арнайы SIP-сауалында таратылады. Шақырып отырған абоненттен шақыртушы абонентке сауалына жауап беріледі.

SIP протоколының барлық хабарламалары (сұрақтар мен жауаптар), RFC2279 құжатына сәйкес кодталған тізбектелген мәтіндік тармақтар түрінде болады. Жоғарыда айтылғандай, SIP хабарламасының құрылымы мен синтаксисі HTTP протоколында қолданатынмен бара – бар. 1.7 суретте SIP протоколының құрылымы көрсетілген.

Бастапқы тармағы кез келген SIP-хабарламаның бастапқы тармағын көрсетеді. Егер хабарлама сауал түрінде болса, бұл тармақта сауалдың түрі, адресат иесі және протокол нұсқасының нөмірі көрсетіледі.

Егер хабарлама сауалдың жауабы болып табылса, онда бастапқы тармақта протокол нұсқасының нөмірі, жауап түрі және тек пайдаланушыға арналған оның қысқаша мағынасының ашылуы көрсетіледі.

